

**Бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылатын жобалар бойынша  
инжинирингтік қызметтер көрсету бойынша ұйымдарды тартудың қағидаларын  
бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің м.а. 2015 жылғы 27 наурыздағы № 254 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 20 мамырда № 11083 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 2 желтоқсандағы № 751 бұйрығымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Ұлттық экономика министрінің 02.12.2015 № 751 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

«Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» 2001 жылғы 16 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 20-бабының 23-4) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылатын жобалар бойынша инжинирингтік қызметтер көрсету бойынша ұйымдарды тартудың қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері және жер ресурстарын басқару комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның мерзімді баспасөз басылымдарында және «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберілуін;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен кейін қолданысқа енгізіледі.

атқарушы

министрінің міндетін  
М. Құсаинов

« К Е Л І С І Л Д І »

Қазақстан Республикасы

Қаржы министрінің

міндетін атқарушы

Р. Бекетаев

17 сәуір 2015 жыл

Қазақстан

Республикасы

Ұлттық

экономика

министрінің

міндетін

атқарушының

2015

жылғы

27

наурыздағы

№

254

бұйрығымен

бекітілген

## **Бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылатын жобалар бойынша инжинирингтік қызметтер көрсету бойынша ұйымдарды тартудың қағидалары**

### **1. Жалпы ережелер**

1. Осы бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылатын жобалар бойынша инжинирингтік қызметтер көрсету бойынша ұйымдарды тартудың қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) «Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» 2001 жылғы 16 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Заң) сәйкес әзірленді және бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылатын құрылыстың инвестициялық жобаларын кәсіптік басқару үшін инжинирингтік қызметтер көрсететін ұйымдарды тарту тәртібін белгілейді.

2. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

- 1) авторлық қадағалау – бұл автордың: сәулет және қала құрылысы туындысының авторы (авторлары) жүзеге асыратын құрылыс жобасының (құрылыс құжаттамасының) әзірленуіне; сәулет немесе қала құрылысы туындысының авторын (авторларын) қоса алғанда, әзірлеушілер жүзеге асыратын құрылыс жобасының іске асырылуына бақылау жүргізуді жүзеге асыру жөніндегі құқықтылығы;
- 2) бюджет қаражаты – мемлекеттік меншікке түсуі және жұмсалуды бюджетте ақшалай нысанда көрсетілетін мемлекеттің ақшасы мен өзге де активтері;

3) құрылысқа салынатын мемлекеттік инвестициялар (бұдан әрі – мемлекеттік инвестициялар) – жаңа үйлер мен ғимараттарды, олардың кешендерін, инженерлік және көлік коммуникацияларын салуға, сондай-ақ бұрыннан бар объектілерді реконструкциялауға (кеңейтуге, жаңғыртуға, техникалық қайта жарақтандыруға) немесе күрделі жөндеуге салынатын инвестициялар, олардың көзі:

республикалық және (немесе) жергілікті бюджеттердің қаражаты, оның ішінде бюджеттік инвестицияларға және квазимемлекеттік сектор субъектілеріне бюджеттік кредит беруге жіберілетін нысаналы қаражат;

мемлекет кепілдігімен не мемлекет кепілгерлігімен мемлекеттік емес қарыздардың нысаналы қаражаты;

Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қаражаты; концессиялық жобаларды іске асыруға жіберілген қаражат болып табылады;

4) сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы инжинирингтік қызметтер – оңтайлы жобалық көрсеткіштерге қол жеткізу мақсатында құрылыстың дайындығын және жүзеге асырылуын қамтамасыз ететін қызметтер кешені (техникалық және авторлық қадағалау);

5) тапсырыс беруші – бюджет қаражаты және мемлекеттік инвестициялардың өзге де нысандары есебінен жобалауды ұйымдастыруды, инжинирингтік қызметтер көрсету бойынша ұйымды тартуды және объектілер құрылысын жүзеге асыратын бюджеттік бағдарламаның әкімшісі;

6) техникалық қадағалау – орындалған жұмыстың сапасын, мерзімін, құнын, қабылдап алынуын және объектінің пайдалануға берілуін қоса алғанда, жобаны іске асырудың барлық сатысында құрылысты қадағалау;

7) ұйым – өзінің құрамында сәулет-құрылыс қызметі саласында инжинирингтік қызметтерді жүзеге асыру құқығына сарапшы болатын тапсырыс беруші тартқан заңды тұлға (бұдан әрі - Ұйым).

## **2. Инжинирингтік қызметтер көрсету бойынша ұйымды тартудың тәртібі**

3. Тапсырыс беруші Ұйымды тартқан кезде «Мемлекеттік сатып алу туралы» 2007 жылғы 21 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңын, осы Қағидаларды және инжинирингтік қызметтер көрсету туралы шарттың талаптарын б а с ш ы л ы қ қ а а л а д ы .

Инжинирингтік қызметтерді көрсету тәртібі Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 6 наурыздағы № 71 бұйрығымен бекітілген, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10401 болып тіркелген Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласында инжинирингтік қызметтер көрсету қағидаларымен айқындалады.

4. Конкурс тәсілімен тапсырыс беруші жүзеге асыратын Ұйымды тарту мынадай дәйекті іс-шараларды орындауды көздейді:
- 1) тапсырыс берушінің алдағы уақытта болатын мемлекеттік сатып алуда соңғысының мүдделерін білдіретін тапсырыс берушінің лауазымды адамын а й қ ы н д а у ы ;
  - 2) тапсырыс берушінің конкурстық құжаттаманы бекітуі;
  - 3) конкурстық құжаттаманы веб-порталда қалыптастыру және бекіту;
  - 4) қажет болғанда тапсырыс берушінің сараптау комиссиясының құрамын ж ә н е с а р а п ш ы н ы б е к і т у і ;
  - 5) тапсырыс берушінің конкурстық комиссияның құрамын бекітуі және конкурстық комиссияның хатшысын айқындауы;
  - 6) тапсырыс берушінің веб-порталда конкурстық комиссияның құрамын бекітуі және конкурстық комиссияның хатшысын айқындауы;
  - 7) электрондық конкурс (бұдан әрі – конкурс) өткізу туралы веб-порталда х а б а р л а н д ы р у ж а р и я л а у ;
  - 8) веб-порталға қатысушы – әлеуетті өнім берушілердің веб-порталда оны алу фактісін автоматты түрде тіркей отырып, конкурстық құжаттаманы алуы;
  - 9) веб-порталда электрондық құжат нысанында берілетін конкурсқа қатысуға өтінімдерді а в т о м а т т ы т ү р д е т і р к е у ;
  - 10) өтінімдерді ашу және тиісті ашу хаттамасын веб-порталда жариялау;
  - 11) біліктілік талаптарына, конкурстық құжаттама талаптарына сәйкес келетін әлеуетті өнім берушілерді айқындау үшін конкурсқа қатысуға арналған өтінімдерді конкурстық комиссияның веб-портал арқылы қарауы;
  - 12) конкурстық комиссияның веб-портал арқылы конкурсқа қатысуға жіберілген әлеуетті өнім берушілердің тізбесін және шартты жеңілдіктер мөлшерін айқындауы. Осы айқындаудың нәтижелерін жариялау Астана уақыты бойынша жұмыс уақытында веб-порталда конкурсқа қатысуға рұқсат беру туралы х а т т а м а д а ж ү з е г е а с ы р ы л а д ы ;
  - 13) конкурстық комиссияның конкурсқа қатысуға әлеуетті өнім берушілердің берген өтінімдерінде тауарлар, көрсетілетін қызметтердің ең үздік техникалық ерекшелігін (үздік техникалық ерекшеліктер) сарапшы не сараптау комиссиясының (оларды тартқан жағдайда) пікірін ескере отырып айқындауы. Бұл айқындаудың нәтижелерін жариялау Астана уақыты бойынша жұмыс уақытында веб-порталда конкурсқа қатысуға рұқсат беру туралы тиісті хаттамада ж ү з е г е а с ы р ы л а д ы ;
  - 14) конкурсқа қатысуға жіберілген әлеуетті өнім берушілер ұсынған конкурстық баға ұсыныстарын электрондық құжаттар нысанында веб-порталда а в т о м а т т ы т ү р д е т і р к е у ;
  - 15) веб-порталда конкурсқа қатысушылардың конкурстық баға ұсыныстарын

автоматты түрде ашу, бағалау, салыстыру және жеңімпазды айқындау;

16) қорытындылар хаттамасын веб-порталда автоматты түрде жариялау;

17) конкурстың қорытындысы бойынша тапсырыс беруші мен конкурстың жеңімпазы арасында мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасу.

5. Күрделі құрылыс объектілерінің жобалау құжаттамасын әзірлеу, күрделі құрылыс объектілерін салу, реконструкциялау және күрделі жөндеу үшін авторлық қадағалау үшін авторлық қадағалау бойынша сатып алынған қызметтер «Мемлекеттік сатып алу туралы» 2007 жылғы 21 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының нормаларын қолданбай жүзеге асырылады.

Авторлық қадағалау Заңның 20-бабының 23-1) тармақшасына сәйкес бекітілген Авторлық қадағалауды ұйымдастыру және жүргізу қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

6. Егер инжинирингтік қызметтер көрсету бойынша ұйым мемлекеттік сатып алу жолымен тартылатын болса, тапсырыс берушіге өткізілетін мемлекеттік сатып алуды дайындау жөнінде сараптамалық, консультациялық және (немесе) өзге де қызметтер көрсеткен, техникалық-экономикалық негіздемені әзірлеушінің жобалау (жобалау-сметалық) құжаттаманы әзірлеу жөніндегі мемлекеттік сатып алуға қатысуын қоспағанда, өткізілетін мемлекеттік сатып алудың нысанасы болып табылатын объектінің құрылысына арналған техникалық-экономикалық негіздемені және (немесе) жобалау (жобалау-сметалық) құжаттаманы әзірлеуге бас жобалаушы не қосалқы жобалаушы ретінде қатысқан әлеуетті өнім беруші және (немесе) оның қызметкері өткізілетін мемлекеттік сатып алуға қатысуға жіберілмейді.

7. Инжинирингтік қызметтер Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 2 сәуірдегі № 304 бұйрығымен бекітілген, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10632 болып тіркелген Бюджет қаражаты және мемлекеттік инвестициялардың өзге де нысандары есебінен салуға арналған жобаларды (техникалық-экономикалық негіздемелерді және жобалау-сметалық құжаттаманы) бекіту қағидаларына сәйкес бекітілген жобалау-сметалық құжаттамада осы мақсатқа көзделген қаражат есебінен қаржыландырылады.